

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

03.03.2025

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Н.О.Жаныкулов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Н.Усаинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Д.Шауенов; академиялық персонал – А.С.Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Исаев; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к. Г.Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.М.Молдашева; АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова; АК мүшесі, академиялық персонал – М.Т.Салгараев; жұмыс беруші өкілі – М.Халықов; жұмыс беруші өкілі – М.Тастанбеков; жұмыс беруші өкілі – К.Жетібаев; жұмыс беруші өкілі – Т.Мендібаева; жұмыс беруші өкілі – Р.Ашимов; білімгерлер өкілі – Б. Айбай; білімгерлер өкілі – Н. Әбдіқадір; білімгерлер өкілі – Э. Абдрахманова; білімгерлер өкілі – А. Ілескен; білімгерлер өкілі – М. Мәулен; білімгерлер өкілі – Ұ.Төлеутаева; білімгерлер өкілі – Г. Есенгелді; білімгерлер өкілі – А.Кусан; білімгерлер өкілі – А.Маукенбай;

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ-ның 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау.
2. Әзірленген, жаңартылған ББ реестрге енгізу.
3. БББ аккредитациядан өткізу процедураларын ұйымдастыру, есептерін даярлау.
4. Әртүрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

АК төрағасы PhD, Н.Жаныкулов: Саламатсыздар ма, құрметті АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде ББ-ның 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау, әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізу, қаңтар-наурыз айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып өтсек. Өз ойларыңызды ортаға салсаңыздар.

1 - мәселе бойынша, білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін беруді қарастырсақ. Гуманитарлық ғылымдар даярлау (6B02228-Дінтану, 7M02211-Дінтану, 6B02229-Теология, 7M02262-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02231-Тарих, 7M02210-Тарих, 6B02267-Түркітану, 7M02212-Түркітану, 6B02286-Философия-дінтану) ББ бойынша өзін-өзі бағалау есебі жасалды. Оның ішінде 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау мәселесіне тоқталсақ.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ф.Камалова: Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингісіне тек 6B02228-Дінтану БББ қатысты. «Атамекен» ҰКП рейтингісінің 2024 жылғы көрсеткіш

бойынша 3/6 орын иелендік. Кадр даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі еңбек нарығында түлектердің сұранысқа ие болуы. Кафедра өз түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп келеді.

«Атамекен» рейтингісі университет бағдарламаларының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингісі бізге нарық талаптарына сай мамандар даярлау деңгейімізді бағалайды. Рейтинг көрсеткіштері бойынша біз түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейін, жұмысқа орналасу жылдамдығын және білім сапасының нарық талаптарына сәйкестігін талдай аламыз.

3 - мәселе бойынша, АК мүшесі, академиялық персонал, А. Бейсенов: Күн тәртібінде маңызды мәселе БББ аккредитациядан өткізу процедураларын ұйымдастыру, есептерін даярлау, оқу-әдістеме, ғылым, тәрбие, практика, сапа құжаттары бойынша бес жылдық есепті (2020-2025) әзірлеу. Осы бағыттар бойынша әрбір жауапты ОПК тиісті жұмыстарды атқарып, комиссия жұмысына толыққанды мәлімет беруге дайын боулы тиіс. Білім беру бағдарламаларының аккредитациясын сәтті өткізу үшін талаптарға сәйкес есептерді әзірлеп, аккредитациядан хабары бар мамандарға ұсыну керек. Аккредитациялық комиссия талаптарына сәйкес есептерде бағдарламалардың мазмұны, оқу нәтижелері, оқытушылар құрамының біліктілігі, материалдық-техникалық база, студенттердің жетістіктері мен жұмысқа орналасу көрсеткіштері туралы толық мәліметтер қамтылуы тиіс. Осы мақсатта кафедра нақты әрі өзекті ақпарат ұсынуы қажет. Есепті дайындау барысында біз тек қана деректер жинаумен шектелмей, олардың стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етіп, барлық қажетті түзетулерді енгізуіміз керек. Бұл университетіміздің білім беру сапасының жоғары деңгейде екенін көрсету үшін өтемаңызды қадам.

4 - мәселе бойынша, АК мүшелері, PhD Д.Шауенов, PhD Ф.Камалова: Қазіргі кезеңде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының қарқынды дамуы адам өмірінің барлық салаларына әсер етіп, жаңа философиялық, этикалық және құқықтық мәселелердің туындауына себеп болуда. Осыған орай 6B022 Гуманитарлық ғылымдар даярлау (6B02229-Теология, 7M02262-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02228-Дінтану, 7M02211-Дінтану, (IP)), білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу қажет. 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02228-Дінтану БББ жоспарына сәйкес «Академиялық жазба» пәнін оқытудың жоспарында лекция және практика тақырыптары мазмұнына «Жасанды интеллект бойынша эссе жазудың этикасы» модулін енгізу жоспарлануда. 7M02262-Теология БББ жоспарына сәйкес «Зерттеулердің қолданбалы әдістері» пәнін оқытудың жоспарында лекция және практика тақырыптары мазмұнына «Зерттеулердегі жасанды интеллект элементтері» модулін енгізуді қажет деп таптық.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD М. Исаев: 6B02286-Философия-дінтану БББ оқу жоспарына сәйкес «Этика және эстетика» пәнін оқытудың жоспарында лекция және практика тақырыптары мазмұнына «Жасанды интеллект этикасы» модулін енгізу қажет деп санадық. ЖИ-пен жұмыс жасау студенттердің философия, дінтану, этика және технология салаларының тоғысында терең білім алуына зор мүмкіндік береді.

АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Ы. Нурмагомбетова: 6B02267 Түркітану БББ оқу жоспарына сәйкес "Жасанды интеллект" пәнін жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі Тандау компоненті ішіне енгізу керек деп шештік. Бұл пән студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамытумен қатар, заманауи технологияларды гуманитарлық ғылымдар саласында тиімді қолдануға жол ашады. Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар жасанды интеллект ұғымының теориялық және практикалық негіздерімен танысып, оны мәдениеттану, тіл білімі, деректану және тарихи зерттеулерде қолдана білуге үйренеді.


АК төрағасы PhD, Н.Жаныкулов: Құрметті АК мүшелері, алда бізді үлкен және маңызды жұмыстар күтіп тұр. Егер біз бірлесе жұмыс атқарсақ, барлық мәселелердің оңтайлы шешім табатымызға сенемін.

ШЕШІМ:

1. 6B022 Гуманитарлық ғылымдар даярлау (6B02228-Дінтану, 7M02211-Дінтану, 6B02229-Теология, 7M02262-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02231-Тарих, 7M02210-Тарих, 6B02267-Түркітану, 7M02212-Түркітану, 6B02286-Философия-дінтану білім беру бағдарламаларына жасалған талдау нәтижесі назарға алынсын және факультеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылсын.

2. ББ бағдарламаларын аккредитациядан өткізу процедуралары жоғары деңгейде ұйымдастырылсын, нәтижелері талдансын, комиссия шешімінің ескертпелері назарға алынсын;

Мәжіліс төрағасы:



Н. Жаныкулов

Хатшысы:



А. Усаинова